

# өзен



№3 (61) наурыз 2021 жыл

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТИ



## «Балақай» оңалту орталығы ашылды



ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен үйимдастырылған «Игі істер марафоны» жалпыұлттық жобасы аясында Жаңаөзен қаласында жаңа «Балақай» оңалту орталығы ашылды. Орталық кешенді оңалту қызметінің 9 түрін, атап айттын болсак, емдік дene шынықтыру, гидротерапия, физиотерапия, масаж, арнайы жабдықтаған иппотерапия, сондай-ақ психологиялық педагогикалық түзетумен айналысады.

Қала тұрғындарына аса қажет орталықтың ашылуы салтанатына «ҚазМұнайГаз» ҮК АҚ Басқарма Төрағасы Алик Айдарбаев, «Samruk-Kazyna Trust» қорының екілдері, «Өзенмұнайгаз» АҚ Бас директоры Есен Өтесев, орталық қызметіне зәру балалардың әке-шешелері катысты. Жоба басташысы «Мұнайшы қамқоры» ҚҚ, ал құрылтайшылары «Өзенмұнайгаз» АҚ қызметкерлері болып табылады.

Орталыққа Р. Өтесінов атындағы дene шынықтыру-

сауықтыру кешенінен арнайы кабинеттер бөлініп, жөндеуден өткізді. Орталық компанияның 9 мыңдан астам еңбек ұжымы қызметкерлерінің ай сайынғы еркіті түрде беріп отырған жарнасының арқасында жұмыс істейтін болады. Орталық мамандарды жылына церебралды сал ауру, аутистік спектрдің бұзылуы, психикалық дамудың тежелуі, гемипарез, нейро-ортопедиялық аурулар және басқа да ерекшеліктері бар 600-ге жуық баланы тегін қабылдап, барынша емдел шығаратын болады. «Samruk-Kazyna Trust» қоры халыққа қажет жобаны қолдап, балалардың денсаулығын оңалту үшін құны 40 млн. теңге тұратын керек заманауи үлгідегі 25 құрал-жабдықтармен қамтамасыз етті.

«Біз мемлекеттік мұнай ірі мұнай өндіруші компания ретінде өзіміздің өңір алдындағы жауапкершілігімізді ешқашан ұмытқан емеспіз. Жаңаөзен қаласының тұрғындарына қолымыздан келген көмегімізді аямаймыз. Бүгінгі іске асырылған үлкен жоба осының айғасы. Балаларымызға жанашыр, қамқор, қорған болу біздің-азаматтық парызымыз. Жылылықтың, мейірімнің жетіспеуі-қоғамды рухани сал етуі әбден мүмкін. Біз үшін бауыр ет-баламыздың амандығынан, адам өмірінен асқан байлық бар ма?! Ел иғілігі үшін ашылған орталық бәрімізге құтты болғай!»-деді Алик Айдарбаев.



Орталық жұмысына Жаңаөзен қаласының 15 білікті маманы жұмылдырылып, Нұр-Сұлтан қаласынан біліктілігін көтеру курсынан өткізілді. Қазіргі таңда орталықта емделіп жатқан 4 балдырғанның тұсауы кесіліп, әкешесі мен ағайын-тұмаластарының көз қуанышына айналып үлгерді.

Қайырымдылық біздің қанымызда бар. Хәкім Абай қазақты «барлық жан иесіне махабbat көзімен қараған» деп суреттеді емес пе?! «Балақай» оңалту орталығы адамдардың бір-біріне жасайтын қолдауы мен мейірімнің шешуші күшке ие екенін дәлелдеген керемет жоба болды. Қолдау қажет кезде қол ұшын беріп, үзілгелі тұрған үмітті жалғай білген өзенмұнайгаздықтарға Алланың нұры жаусын!



## Жедел желі іске қосылды

2021-жылдың 28-маусымынан бастап, KPMG Жедел желі операторы ретінде іске қосылғанын хабарлаймыз.

Кез келгентүлгажұмысорныңда орын алған құқық бұзушылық, еңбек ұжымындағы келенсіз жағдай мен қитұрқылық әрекеттер туралы өтініштерді қазак, орыс, ағылшын тілінде бере алады:

**8-800-080-47-47 телефон нөмірі бойынша**  
(ҚР аумағы бойынша қонырау шалу тегін);

[mail@sk-hotline.kz](mailto:mail@sk-hotline.kz) электронды поштаға;  
[www.sk-hotline.kz](http://www.sk-hotline.kz) интернет-порталы арқылы;  
**8 (771) 191-88-16 уатсан арқылы;**

Жедел желі тәулік бойы «24/7» режимінде жұмыс істейді. Оператор телефон қонырауын дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін қабылдайды. Демалыс, мереке күндері өтініштер авто-операторға түседі.





## Кәсіподақ құрмет көрсетті



Мұнай саласында бірнеше жыл жемісті еңбек етіп бүгінде құрмет демалысына шықсан №1 МГӘБ темір жонушысы Сайын Төлешов пен оператор Өтеген Нұрмұхаметовтерді осы басқарма тәрафасы Ибраһим Сатыбаев маралаттап, естелік

сыйлық тапсырды. Ал №4 МГӘБ кәсіподақ тәрафасы Өзен кен орнының өркендеуіне өлшеусіз үлес қосып, зейнеткерлікке шықсан Халел Бегалиевке «Кәсіподаққа қосқан үлесі» үшін тәсбелгісін табыстады.

«Тынымсыз еңбек етіп, адап нан тауып, отбасы мен компания алдындағы парызы аса жауапкершілікпен қарап, үнемі ізденіс үтіндеге жүретін Сіздерді басшылық бағалы ма-

ман ретінде құрметтейді. Ел мен жердің гүлденуі үшін өз еңбегімен үлес қосқан Өздеріңізге Алланың нұры жаусын»-деді кәсіподақ тәрағалары.

Маңдай термен бақыт кілтін тапқан



еңбеккор жандар Өзен кен орнының дамуы үшін бар күш-жігері мен ғұмырын арнады. Маңғыстаудың қытымыр да қатал табиғаты әбден шынықтырып, шындаған ардагерлер өздеріне құрмет көрсеткен кәсіподақ тәрағаларына шексіз алғысын білдірді.



## САДАҚ АТУДАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИР ӨТТІ



Жаңаөзенде «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның демеушілігімен «Қаламқас мерген» атындағы дәстүрлі садақ атудан республикалық турнир өтті. Сайысқа еліміздің көптеген өнірлерінен садақшылар қатынасты. Турнир қорытындысы бойынша орын алғандар:

Ерлер арасында 50/70 метр  
Диас Ахмедов (Нұрсұлтан қ.)  
Ахмади Балтабек (Көкшетау қ.)  
Жалғас Садуров (Ақтау қ.)  
Қыздар арасында 40/60 метр  
Аяулым Аппазова (Нұрсұлтан қ.)  
Асылым Асқарбаева (Жаңаөзен қ.)  
Айбібі Қажығалиева (Нұрсұлтан қ.)

Осы турнирлердің женімпаздары 10- шілде Қыргызстанда өтетін халықаралық турнирге жолдама алды.





**Сәті түскен сұқбат**



**Базархан Нұрбосынова,  
«Нейрон-Мед» ЖШС  
бөлім мендерушісі**

— Вакцина алу міндетті ме?

— Жоқ. Вакцина алу, алмай адамның өз еркіндегі шаруа. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі турали» кодекстің 77-бабына сай, кез келген медициналық емшара, оның ішінде вакцинациялау адамның келісімімен жүзеге асырылады.

— Қаламызда қанша адам екпе алды? Қазақстанда қандай вакцина қолданылып жатыр?

— Бұғынгі күні «Нейрон-Мед» мекемесі бойынша 646 адамға екпе салынды. Бұғынгі күні Ресейде шығарылған «Спутник V», Hayat-Vax (ОАЭ) және Казвак Қазақстандық вакциналар пайдаланылып жатыр.

— Вакцинаның жанама әсерлері бар ма?

# Вакцина - ауырмау жолы

— Адамның ағзасында кез келген вакцина әсерінен ауруға қарсы иммунитет қалыптасады. Екпенде кейінгі дene температурасының аздал жоғарылауы, вакцина орнынан қызыруы мен ісіну-қалыпты жағдай.

— Вакцинадан кейін аллергия пайда болуы мүмкін бе?

— Медицина қызметкерлері екпені салмас бұрын пациенттің аллергиясының бар-жоғы анықталады. Анықталған жағдайда вакцина салынбайды. Екпе салынатын кезде адамның ағзасының ерекшелігі ескерілетін болады.

Екпе алған адам 30 минут (медицина мекемесінде) дәрігердің бақылауында болып, әсері қатан қадағаланады.

Бұдан бөлек, 3 күн қатарынан участекіл дәрігер назарында болады.

— Коронавирусқа қарсы вакцинаның кім ала алады?

Азаматтарға екпе егу процесі вакцинаның келіп түсіне байланысты кезең-кезеңімен жүзеге асады. Коронавирусты жүктірып, оны тарату тәуекелі жоғары топтар бірінші қабылдайды.

Бірінші кезеңде инфекциялық ауруханалардың, жедел медициналық көмек, реанимация, медицина-санитариялық алғашқы көмек көрсету, қабылдау бөлмелерінің медицина қызметкерлері, санэпидқызмет қызметкерлері вакцинацияланады.

Екінші кезеңде жалпы білім беретін мектептердің, жоғары оқу орындарының педагогтары,

бірінші кезеңге кірген медицина қызметкерлері вакцина алады.

Ушінші кезеңде мектеп-интернаттардың, мектепке дейінгі мекемелердің педагогтары, студенттер мен созылмалы аурулары бар адамдар қамтылады. Сонымен қатар қосымша осал топтар: ТЖМ, IIM, Қорғаныс министрлігі, ҰҚҚ, Мемлекеттік күзет қызметі және тағы басқа

қызметкерлерге вакцина егу жоспарланып отыр.

— Коронавирусқа қарсы кімдерге вакцина алуға болмайды?

— 18жасқа толмаған, жүкті немесе емшектегі сәбіи бар, денсаулығында ақауы бар, дene қызыу 37 градустан жоғарылаған адамдарға вакцина алуға үзілдікесілді тығым салынады.

— Неліктен вакцинаны еki

**кезеңде алу керек?**

— Коронавирусқа қарсы вакцинаны араға 21 күн салып, екі кезеңмен алу керек. Бірінші доза антиденелердің аз мөлшерін өндіруге байланысты қысқа қорғаныс әсерін береді. Екінші доза біріншісінің әсерін күшейтеді және нығайтады, адам организміндегі антиденелер саны артады.

— Әңгіменізге рахмет!



**Әлішер Көмеков, Жаңаөзен көпбейінді  
қалалық аурухана директоры орынбасары**

Әлемді дүрліктірген іndet адамзатқа денсаулықтың қадірін ұғындырды. Бір жыл өтсе де қауіп бұлты сейілген жоқ. Байтақ еліміздің бірқатар облыстары «қызыл аймақта» еніп тұрғаны көпшілік алаңдатушылығын тудырып отырғаны ешкімге де жасырын емес.

## Сақтықта – қорлық жоқ

Коронавирус вирусын жүктірмадын бірден-бір емі вакцина алу және карантин шараларын қатан сақтау. Сонда ғана денсаулығымызды сақтай аламыз. Ақпан айының басынан бастап Қазақстанда коронавирусқа қарсы вакцинация басталды. Екпені ең алдымен мұнайлай қала бойынша індettін алдыңғы шебінде жүрген медицина қызметкерлерінен басталды. Өйткени, олардың коронавирусты жүктіреу және тарату тәуекелі жоғары. Дегенмен, ешкімді мәжбүрлеуге жол жоқ.

Қазіргі таңда вакцинация жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Вакцина салдыртқан азаматтардың жағдайы жақсы. Вакцинация жүргізер алдында дene температурасы өлшенеді, эпидемиологиялық анамнезді жинау, сатурацияны, жүрек жиырылуының жийлігін, артериялық қысымды өлшеу, тыныс алу және жүрек-қантамыр жүйесін аускультациялау және жүтқыншақты тексеру

шаралары жасалады.

Қаламызда екпенің 3 түрі салынып жатыр. (Спутник V, Hayat vak, Qaz covid-in) вакцинаның айырмашылықтары салыну интервалында, басқа айырмашылық жоқ. Яғни Спутник V, Qaz covid-in 21 күннен 45 күн аралығында және Hayat vak 14 күннен 28 күн аралығында салынады.

Жаңаөзен қаласы бойынша 6 егу пункті жұмыс жасап тұр. Жұмыс уақыты таңы 8:00-ден 20:00-ге дейін белгіліенді. Аталған пункттер сенбі, жексенбі күндері де қызмет көрсетеді.

Қаламызда екпе алуға жарамды азаматтар саны 64 360-ды құрап отыр. Бұғынде саналы түрде егілген 7000-ға жуық азаматтар ұжымдық иммунитет қалыптастыруға зор үлесін қости. «Сақтықта қорлық жоқ» демекші, баршаңызды сақтық шараларын сақтап, денсаулығыңызға күтіммен қаруаға шақырамын.

**Бетті дайындаған Айнагүл Күшікбай**





# «ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ ІРІ



## «Мұнайшы» мәдениет үйі жөндеуден өтті

Жаңаөзен қаласын әлеуметтік- экономикалық дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарының аясында қаладағы иті істердің бірі - «Мұнайшы» мәдениет үйі күрделі жөндеуден өтті.

«Өзенмұнайгаз» АҚ қаржыландыруымен қаламызыдағы өнер ошағы күрделі жөндеу жұмыстарын толықтай жүргізді. Келісім шартқа сәйкес барлық құрал-жабдықтар мен жиһаздармен толық қамтылды.

«Жаңаөзен қаласының 2019-2025 жылдарға арналған әлеуметтік даму бағдарламасы аясында 2001-2002 жылдары реконструкциядан өткен қаланың бірден-бір мәдени-демалыс ошағы «Өнер» МКҚК «Мұнайшы» МҮ-нің ғимараты ағымдағы 2020-жылы жөндеуден өтті. «Өнердің сүйемеген елдің өнегесі өрге баспайды» дейді дана халқымыз. Қөптен бері шешімін таппаған мәселені шешіп, қолдау көрсеткен қала әкімі Мақсат Ибағаровқа, қаржылық демеушілік жасаған «ӨМГ» АҚ бас директоры Есен Өттеевке алғыс айтамын. Қазіргі таңда өнерпаздар мен көрермендерге жаңадан заманауи жабдықталған концерт залында өнер көрсетуге, үйірмелерге қатысуға мүмкіндік жасалды. Қалақұраушы компанияның ел болашағына құйған инвестициясы Алладан қайтсын», - дейді «Өнер» МКҚК директоры Дәмелі Өтебаева.



## Стадион жаңартылды




Жаңаөзен қаласы тұрғындарының салауатты өмір салтын үстануына, спортпен жүйелі турде шұғылдануына жағдай жасау мақсатында, ағымдағы жылы «Жұмыспен қамту 2020» Жол картасы аясында Әмин Тұяқов атындағы стадионға ағымдағы жөндеу жүргізілді.

Стадионның 4000 ш/м жүгіру жолақтары, 1000 ш/м жасыл футбол алаңы, 3000 көрерменге арналған орындықтары, сыртқы қоршауы мен электр жарықтары толықтай жаңартылды.

Нәтижесінде, Республикалық және Халықаралық деңгейдегі жарыстарды өткізу үшін стадионның техникалық сипаттамасы Қазақстан жеңіл атлетика мен футбол федерациясы стандартарының талаптарына сәйкестендірілді.

Жаңаған стадионға 5000 адамға дейін мерекелік концерттік, мәдени-көшпілік кештерді үйімдастыруға болады. Жөндеуден өткен спорт ғимаратында қаламызыда қалыс қалған бірнеше спорт түрлерін, соның ішінде велосипед үйірмесін ашу және дамыту көзделіп отыр. Келешекте олимпиадалық спорт түрлерін одан әрі дамыту үшін алдағы үақытқа үлкен жоспар құрылып, іске аспақ. Спорт жанашырлары «Өзенмұнайгаз» АҚ мұнайшыларына дән риза!





# ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРЫ



**Жылнама**

## Жаңа архив үйі бой көтерді

Тарихын білмеген халықтың болашағы жоқ. Өзімізден кейінгі ұрпаққа шежіремізді қалдырып, жеткізуіміз керек. Сол архивтік деректерімізді сақтайтын ғимаратымыздың жаңа болуы көз қуантады. «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы архивтік құрылышына 155 млн. тг. қаржат бөліп, жылдан жылға кейінге қалдырылып келе жатқан мәселенің оң шешімі табылуына тікелей ықпал етті. Нәтижесінде мемлекеттік жаңа архив үйі бой көтеріп, ел илгілігіне берілді.



**ИНВЕСТИЦИЯ**

## Білім инновация лицейі жөндеуден өткізілді



тілінде дәріс беретін бірден-бір сапалы білім орда-сына айналды.

«Компанияның бас директоры Есен Оғланұлына мектеп ұжымы, ата-анаlardың, оқушылардың атынан алғыс айтамын. Оқу ордасында 34 ұстаз енбек етіп, 167 оқушы білім алуда. Оқу ережесі бойынша оқушылар 6-сыныптан аяқтағаннан кейін тест тапсырып, 7-сыныптан бастап оқуға қабылданады. Оқушыларымыз республикалық, халықаралық олимпиадаларда алдыңғы орындардарға ие болып, жақсы нәтижелерге қол жеткізіп жүр», - деді Жаңаөзен білім-инновация лицей интернатының директоры Ферхат Ялын.



«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғам қала құраушы компания ретінде білім инновация лицейінің жаңа ғимаратын 370 миллион теңгеге күрделі жөндеуден өткізді.

Жаңа ғимаратқа арналған ортапедиялық орындықтар мен парталар Германиядан әкелінді. Эрбір кабинетке тартымды, ыңғайлы етіп, әр пәнге арнайы үйлесімділікпен дизайн жасалған. Мәселен, AppIe, MacBook-тармен жабдықталған информатика кабинеті Қазақстан бойынша санаулы екен. Жаңарған білім-инновация лицейі облыста тенденсі жоқ «Ай-мак» компьютерлік класымен, интерактивті тақтамен, заманауи оқу құралдарымен жабдықталған, халақаралық стандартта сай келетін қазак, ағылшын, түрік

**КАМҚОРЛЫҚ**

## Жаңа провизорлық орталық жасақталды

Жаңаөзен қаласының деңсаулық сақтау саласындағы жағымды жаңалықтардың бірі - «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамының 1 млрд.249 млн. тг. қаржатына жаңа провизорлық орталықтың ашылуы болды. Мұнайшылардың бұрынғы профилактикалық орталық COVID-19 вирусының екінші толқынына дайындық ретінде жаңа провизорлық орталық болып жабдықталды. 68 адамға арналған орталық қалалық көпбейінді аурухананың бөлімшесі болды.

Күрделі жөндеуден өткен ғимарат МРТ, КТ, жылжымалы цифров рентген аппараты секілді жаңа құрылғылармен жабдықталған. Сондай-ақ, провизорлық орталық сыртына әрқайсысында 12 оттегі баллоны бар екі конустық блок орнатылған. Осы жерден жаңанды дем беру аппараты арнайы шлангтар арқылы науқастарға тасымалданады.

«Өзенмұнайгаз» АҚ қаржылай қолдауымен халықтың игілігі үшін ашылған орталық күрделі кезеңге сақадай сай дайын тұр. Еңбек ұжымы жетіспейтін мамандармен толықтырылды. Әлеуметтік мәселелері шешіліп, дәрігер мамандар толық пәтермен қамтамасыз етілді»-деді қалалық медицина саласының үйлестірушісі Сәнім Танаева.



**Жаңашырлық**

## ПТР зертханасы ашылды

Күрделі жөндеуден кейін өз жұмысын бастаған және бір медициналық мекеме көпбейінді қалалық ауруханаға қарасты полимеразды тізбекті реакция (ПТР) зертханасы. Құны 89 миллион теңге тұратын ПТР зертхана құрылғысы «Өзенмұнайгаз» АҚ қаржатына алынды. Зертхана нысаны 2 гектар жерді алып жатыр. Атап айтсақ ғимарат -1000 шаршы метр, құрылыш көлемі- 7000 шаршы метр көлемді құрайды. Зертханада жаңа құрал-жабдықтармен жасақталған 14 бөлме бар.

Бір күнде 300-ге жуық адамды қабылдай алатын мүмкіндігі бар зертхана 8 сағат бойы халыққа қызмет етеді. Зертханада екі лаборант, бір дәрігер жұмыс істейді.

«Жаңа ғимаратымыз көнілімізден шықты. Қалакұраушы кәсіпорын «Өзенмұнайгаз» АҚ азаматтарына өте ризамыз. Бұрын қала тұрғындары сынама тапсыру үшін Ақтау қаласына сабылып, тапсырған сынама нәтижесін екі күн күттетін. Бүгінде халық жаңа зертхана қызметіне жүгініп, сынама жауабын бір күнде алатын болды. Халықтың әлеуметтік тұрмысының жақсаруына елшеуіз үлес қосып келе жатқан өзенмұнайгаздық мұнайшыларға Алланың нұры жаусын!»- деді зертхана бөлім менгерушісі Зейнеп Төлепбергенова.



**Бетті дайындаған Айнагұл Күшікбай**





## Қадірлі әріптестер!

Өткен жылдан бері күллі адамзат, соның ішінде біздің еліміз де дүниежүзін жайлаған коронавирус індегімен күресіп келеді. COVID-19 және карантин шаралары әлемдік экономиканы дұр сілкіндіріп, барлық мемлекеттерді қыспақта алды. Қазақстан бұл қатерге тегеуірінді тойтасыс бере білді. Ел басшылығы азаматтардың денсаулығын сақтау және ұлттық экономиканы қолдау үшін шұғыл әрі батыл іс-әрекет жасап жатыр.

Дегенмен әлі де босансыға болмайды. Індегін беті қайтқан жоқ. Біз қызметкерлерізді осынау қауіпті аурудан қорғау үшін бар күш-жігерімізді салып жатырмыз. Өйткені, жұмыскерлер біздің басты байлығымыз болып табылады. Бұл ретте қазір вакцина алу мәселесі алдыңғы қатарға шығып отыр. Бүгінде бұл пандемияны женеудің жалғыз жолы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бірнеше рет айтып өткендей, жаппай вакцинациялаудың басқа баламасы жоқ.

Қазірдің өзінде халықтың жартысынан көбі вакцина алған елдерде, мысалы, Израиль мен Ұлыбританияда, коронавирусты жүқтіру мен өлім-жітімнің күрт төмендегенін байқауға болады. Ал керінше вакцинациялау науқаны қарқын алмаған мемлекеттерде вирус түрленіп, оның бұдан да қауіпті жаңа штамдары тарап жатыр. Елімізде мұндай жағдайға жол бермеудің жалғыз амалтез арада ұжымдық иммуниетті қалыптастыру.

Ел тарихындағы шешуші кезеңде шешуші кезеңде мен әрқайсызызды барынша парасаттылық танытып, вакцина алуға шақырамын. Бұл үшін мемлекет тарапынан барлық жағдай жасалған. Сіздердің таңдауыныңға отандық QazVac, ресейлік Спутник-V немесе қытайдың Hayat-Vax вакцинасы ұсынылып отыр. Өздеріңіз қалаған екпені тұрғылықты жерінде бойынша емханада немесе «ҚазМұнайГаз» компаниясының өндірістік және әкімшілік нысандарында алуға болады.

Бүгінгі таңда вакцинаны 8 мыңға жуық әріптесіміз салдырыды. Өзім де және ұлттық компанияның басқа басшылары да екпені салдырдық. Осы орайда, вакцина алған қызметкерлер ПТР тестін тапсырмай, кен орындар мен жұмыс кеңселеріне еш кедергісіз кіре алатынын ерекше атап өткім келеді.

Мен Сіздерден өзіңіздің және отбасызыздың, әріптестеріңіз бен отандастарызыздың қауіпсіздігін ойлап, азаматтық ұстанымды танытуды сұраймын. Пандемияны неғұрлым тезірек тізе бүктірсек, соғұрлым тез қалыпты өмірге ораламыз.

Барлық қыындықты бірге еңсеріп, кемел келешекке аяқ басатынымызға сенімім кәміл!



### Рұхани азық

## Кітап-адамды өзгертеді

Американ жазушы Стивен Кингтің «Шоушенк түрмесінен қашу» атты шығармасын оқуға кеңес береміз.


Шығарманың бірінші кейіпкері Брукс түрмеге түскенде көшеде бар-жоғы 2-3 көлік бар болатын. «Елу жылда ел жаңа» демекші... 50 жылдан кейін Брукс түрмeden шықса, көше машинадан көрінбейді... Депрессияға түскен ол ең соңында өз-өзіне қол жүмсалынынады.

Екінші кейіпкер Энди Дюфрейн әйелінің опасызыздығы үшін 28 жылға бас бостандығынан айырылған банк қызметкері. Ол Шоушенкten қашып шықкан жалғыз адам. Оның 20 жыл бойы Інжілдің ішіндегі кіп-кішкентай балғамен алып үңгір қазып, 450 метрлік дәрет құбырымен бостандықта шығынады.

Бір қызығы, түрмеге әкелген күні Энди қысыммен айдалған су арқылы жуындырып, тап-таза етіп қабылдайды. Ал тұтқын нәжіс құбыры арқылы еркіндікке үмтілінеді...

Түрме-адамдарды сабыр мен төзімділікке, мінезді жүгендегеуге, эмоцияға берік болуды үретеді. Ішкі сенім мен үміт адамды психологиялық тұрғыдан морт сынудан сақтайды...

Бұл шығарма желісі бойынша түсірілген фильм де бар...  
Оқыңыз, көріңіз! Өтінбейсіз!



## COVID-19 қарсы екпе алу туралы

Вакцина түрлері



**QazVac**  
1-ші мен 2-ші компонент алу  
аралығы 21 күн



**Hayat-Vax**  
1-ші мен 2-ші компонент алу  
аралығы 21 күн



**Спутник-V**  
1-ші мен 2-ші компонент алу  
аралығы 45 күн

Вакцина

ЕРИКТІ

ТЕГІН

ҚАУІПСІЗ

Вакцинаны алу орындары



Тұрғылықты жерінде  
бойынша емхана



«ҚазМұнайГаз» кеңселері және  
өндірістегі арнайы орындарда

Қазақстан бойынша  
2 мың адам вакцина алды

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ,  
8 мың қызметкері өткіз алды

27.03.2021 ж. жарық өткізу

Вакцина алған адам кен орындарға  
еш кедергісіз кіре алды.

ПТР тест тапсырудың қажеті жоқ!

Өзінізге және жақындарыңыза  
**ҚАМҚОР БОЛЫҢЫЗ!**



### Қоғам айнасы

## Кино-адамды өзгертеді

Назарыңызға орыс режиссері Юрий Быковтың «Ақымақ» фильмін ұсынамыз. Оқиға Ресейдің жұпымының қалашығында өтеді. 800 тұрғыны бар жатақхана әні-міні деңегенде құлағы тұр... Қирап қалуы әбден мүмкін...

Сантехник Дмитрий Никишин шыр-пыр етіп проблеманы жеткізу үшін қала әкіміне жөнеледі. Аққоңіл жан әкімге бұл мәселені тездетіп шешуді қолға алмаса болмайтынын айтқышы келеді... Издеген адамын ресторанда 50 жасын дүрледітіп тойлап жатқан жерінен табады

Түсінген адамға, иесі жоқ жатақхана Ресейдің кішігірім макеті іспеттес. Азап шеккен халықта қарап қаралай жаңын ашиды... Фильмді көріңіз, өтінбейсіз!





# Бала мысық (әңгіме)

**Б**ала мысық сүйкімді-ақ! Миллион тұрғыны бар қала шетіндегі бір ауланың ішінде тұратын үш отбасының еркесі. Көбінесе, газете жұмыс жасайтын жас жұбайлардың төрінде жатады. Олардың жұмыстарынан бейхабар мысық үнемі жазу жазып отыратын ерлі-зайыптылардың тірлігіне түсіне қоймайды.

Жануар олардың жақында өткен үйлену тойының күесі болды. Пандемия деп той аулада өтті. У-ду болған қонақтар тойды тамашалап тұрған сүйкімді мысыққа мән бере қоймады. Тойды ашып берсін деп құрметтеп төрге шығарған шалдың құттықтауы ақыл айтуға ұласып кетті. Жұртты иіріп қойып, лекция оқып кетті... Мысық тойға келген адамдардың қуанбай, құлмей отырғанына таң қалып қойды. Оның назары тас шауып келгендей қажып отырған қара қатынға түсті. Бетаузы баттасқан макияж, тырнақта маникюр, жасанды кірпік...

Қатынбысың деген... Шаршағанына қара мастан ол өзінің көйлегін өзгелердің көйлегімен салыстырып әуре. Көзімен өзгелердің киімінің бағасын, матасын, маркасын зерттеп отыр. Қасындағы семіз қатын байын андумен отыр... Адамының қолы рюмкаға барған сайын сұрлана түседі...

Жас жұбайлардың құықтай үйінен адам арылмайды. Жүзіктің көзінен өткен қып-қызыл машинасымен құрбысы келеді. Қызылды-жасылды киініп, үнемі макияжбен, қызыл лак жаққан ұзын тырнақтары бар бойжеткен қалтасы жұқа жігіттерді менсінбейді. Құлпынай тоспасымен шай ішіп отырып, «менің де алтын тағып, әдемі көйлек киіп, мақтанғым келеді. Дастиарханды жайнатып, қонақ шақырғым келеді. Қүйеуім алып берген бриллиант пен шубаны киіп, төркініме барғым келеді. Неше тұрлі тاماқ пісріп, сендерді қуантқым келеді. Үйді жаңалап, ремонт жасағым келеді. Қүйлі көлік терезесінен көшеге көз тастап, ракаттанғым келеді. Менің кедей жігітке байға тиіп, пәтерақы үшін тыын санағым келмейді. Ауырып қалсам, жақсы емхана мен жақсы дәрігерге барып емделгім келеді. Балаларыма лайықты жағдай жасағым келеді. Өзімнің, қүйеуімнің

туыстарына сый жасағым келеді. Байымның әкелген жілік-жілік жылқы етін асып тастап, буын бұрқыратып, қайын жұрттыма, төркініме, туыс пен көршілеріме, достарыма көлдей да-стархан жайғым келеді. Миы, білімі, санасы бар, өмірге жауапты ерекк ақша табуы тиіс. Маған еріншек, жатыпішер масыл ерекк түккө де қажет емес. Қырыққа дейін қалтасына ақша бітпеген жарлы-жақыбай алпысында ақшалы болады дегенге сенбеймін...»-деп әңгімені бұрқыратады. Біраздан соң «Мәдінаның байға тигеніне 7 жыл болыпты. Прикинь, өзінен 7 жас кіші жігітке қүйеуге шықты...»-деген тақылеттес әңгімелерден мысық теманың «жұлдыздарға» ауысқанын түсінеді.

«Ауылда жұмыс жоқ» деген желеумен келген қайнысы онсыз да тар үйде тұрып жатқан келіншектің жүзіне кірбің үлятты. Сыңғырлаған құлқи сап тыйылды. Бауыры емес пе, ағасы жүгіріп жүріп, інісін күзетке орналастыруды. Жалақысы мардымсыз... Бала мысық қазіргідей камералар қаптаған заманда тепсе темір үзетін жап-жас жігіттің есік қарауылдан, күзетші болғанына түсінбеді.

«Құлдың да құрдасы бар» демекші, арасында такси болып жүрген досы келіп, екеуі темекі тартып, әңгімелеседі. Жай тұрмай, жан-жағына түкірумен болады. Мысық мықтамсыған екі жігіттің жанарынан жасыған үміттер мен жасқаншақ армандардың көмескі сәулесін көреді. Шіркіндерде дамиын, өзім жетістікке жетейін, жеке бизнес ашайын, оқыын, ізденеін деген ой жоқ. «Қайран босқа кеткен алтын уақыт! Жалындал жанатын жастық шақ!»-деп күрсінеді бала мысық.

**A**расында бұл үйге базарға ет сатуға келген нағашысы соғып кетеді. Әр адамның өз темасы бар... Бұл кісінің әңгімесінің төркінің аң аулау мен мылтық ату төнірегінде өрбиді.

Ауладағы екінші отбасының келіні жүрген бір әңгүдік неме... Қашан көрсөң де өмірі бітпейтін телесериалдарға телміріп, басқа дүниені ұмытып отырғаны... Барлық ой-қиялды, мақсат-мұддесі, тілек-талабы сүйікті фильмнің үстінде... Кейіпкер ауырса ауырып, мұнайса мұнайып, жыласа жылап, күлсө күледі. Бір

сөзбен айтқанда қияли неме... Сериалдың сонына түсем деп байдың күтімі, бала-шағаның сабағы, ата-ененің жағдайы қараусыз қалып, отбасыдан береке кетті. Бала мысық қайтып келмейтін үақытты текке өлтіріп жүрген ақымақ қатынға қаралай жаны ашиды. Арасында байынан таяқ та жеп алады. Немерелеріне «Сөткіде басы қалғырлар» деп сөйлеп жүретін енесі келінін адудын баласының қолынан арашалап алады.

**Y**шінші отбасының қатыны үш бала-сын тиеп алып, төркініне кетіп тынды. «Сымбаттан қаламыз ба, асты биік машина алайық. Қымбаттан қаламыз ба, біз де үлкен базардан төшкі алайық. Әлима Түркияға саяхаттапты. Сәлима Дубайға барыпты. Жомарттар Астанадан керемет үй алдыпты... Жер алайық. Үй салайық. Фундамент құяйық...»-деген қатынның бітпейтін қамшылауы мен таусылмайтын міндеті шаңырақты ортасына түсірді. Қүйеуінен супермен жасап әлек болған келіншектің нервісі шыдамады. Мың күн сынбаған шөлмек бір күнде сынды.

Қатыны кетіп, жалғыз қалған жұмыссыз дәүқара үятты қойып, жас жұбайлардың қазаның аңдитынды шығарды. Арасында ішіп келеді. Өзі ағып тұр. Немірі бірінші саясаткер десе де болады... Дәүқара дүниедегі саяси-экономикалық дағдарыс, әлемдегі халық санының есүі, егістік жерлердің кішіреоі, ішетін су мен мұнай қорының азауы, ауаның ластауы, экологиялық жағдайың нашарлауы, жаһандағы жылыну процесі, мұхит деңгейінің көтерілуі, аурулардың жаңа түрінің көбеюі, тамақ, ет-сүттің қымбаттауы, адамзаттың азғындауы, одан қала берді еліміздегі сорымызды қайнатқан жемқорлықтың өршүін, жемқорлық тамырлап кеткен қофамда ештеңеге таңдануға болмайтынын айтып, тірі жанның басын шырдай қылады. Мысық дәүқараның кейір сөзін түсінсе, кейір сөзін түсінбейді. Оның филология факультетін қызыл дипломға бітіргенінен бейхабар мысық жұмыссыз еркектің сөз саптасына қайран қалатыны рас. Дәүқара біразға сілтейді... Қытайлардың электрмен жүретін көлік ойлап тапқанын, ал біздің елдің пандемия кезінде досқа құлқі, дұшпанға таба болғанын айтып күйіп-піседі. Арасында тамақтың іісі шығып жатқан ас үйге қарап қоюды да ұмытпайды...

Бір күні егіз қозыдай болып киінген екі бойжеткен келіп «апа, үйініздегі судың сапасын тексерейік, сізге керемет фильтр алып келдік. Осыны қондырсаңыз, таза су ішесіз. Қазіргі ішіп отырған сұнызы су емес, у» деген сияқты бірденелер айтып, әкелген дүнияларын жарнамаламақшы болған. Өмірге өкпелі дәүқара байлаулы тұрған итті босатып жіберіп, өлдердегі қорқып, зытып берген қыздарға қарап, қарқ-қарқ етіп құліп алды...

Өз қолымен өздері жасаған проблемалардың ішінде өкпелері өшіп жүрген адамдарға жаны ашыған бала мысық өзін адам етіп жаратпағаны үшін Алла тағалаға мың да бір шүкіршілік айтып, рақаттана керілді де, бүйірып үйқыға кетті...

**Бибігүл Бебекбай**





№3 (61) наурыз 2021 жыл

## Қадірлі Шолпан Қарабасқызы!

Сізді мерейлі 55 жасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Мұнай саласында жемісті еңбек етіп жүрген Өзіңізді әріптестеріңіз құрметтейді. Жаңыңыз жасадырап, қызғалдақтай құлпырып арамызда аман-есен жүре беріңіз. Жапырагыңыз тереңге жайлышып, үйіңізден немерелер мен шөберелердің үні кетпесін. Корер қызығыңыз көп, жүрер жосыңыз ұзақ болсын, қадірлі әріптес!

Ізгі тілекпен, №1 МГӘБ еңбек ұжымы



## Құрметті Иса Шамұлы!

Сізді 63 жасқа толуыңызбен және құрмет демалысина шығуыңызбен шын жүрекten құттықтаймыз.

Өзен кен орнының дамуына өлшеусіз үлес қосып, адаптация еткен Сізге қарап, жас мамандар ойы мен бойын түзеді. Немереден шебере сүйіп, үл-қыздың қызығына кенеліп, қосағыңызбен қоса ағарып, тамыры тереңге жайлған бәйтерек болып жайқалып тұра беріңіз.

## Қадірлі Халел Нұрадинұлы!



Сізді құрмет демалысина шығуыңызбен шын жүрекten құттықтаймын. Қарым-қабылетеңіздің арқасында, ұжымдастарыңды үйіта біліп, кездескен қындықтан шығарып билетін Өзіңдей азаматқа ризалықпен ұжымдастарын алғыс айтады.

Құрмет демалысында, құрметке бөленип, абырайыңыз аспандап, ел-халықтың той-мерекесінің төрінен орын алып, абыз ата атанаңып, немере-шөберенің ортасында шалықтай беріңіз.

Мықты денсаулық, талмас қанат, ұлағатты ұрпақ, тыныштық заман, көтерікі көңіл, өнегелі өмір тілейміз.

## Аяулы Гулшат Сайынқызы!

Қырдың гүлі қызғалдақтай құлпырған күйі 50 жасқа толған Өзіңізді туған күніңізбен шын жүрекten құттықтаймыз.

Мұнай саласының гулденуіне мол үлес қоса жүріп, отбасы өмірін мәнді де, сәнді етіп, ұлағатты ұрпақ тәрбиелеп отырған Өзіңізге компания басшылығы дән риза.

Отыз жыл бойы Отанымыздың қамбасына «қара алтын» құюға атсалысқан Өзіңіз баянды бақыт, мол табыс, берекелі өмір тілейміз.

Құттықтаушылар,  
№4 МГӘБ еңбек ұжымы



## Құрметті Озғанбай Шалқарбайұлы!



Сізді 63 жасқа толып, құрмет демалысина шығуыңызбен шын жүрекten құттықтаймыз. Сіз бүкіл саналы ғұмырыңызды мұнай саласының көркөюне арнап, әріптестеріңізге ел мен жер үшін еңбек етудің жарқын үлгісін көрсете білдіңіз. Өндірістің еркендеуіне атсалысқан Өзіңізге еңбек ұжымы дән риза.

Денсаулықтың арқасында құт пен береке қонған шаңыракта бала-шағыныздың ортасында жарқырап 100 жасқа келініз! Төрінізден той, қоралыздан қой кетпесін, жақсы аға!

Ізгі тілекпен,  
№1 СҚҚБ еңбек ұжымы

## Ардақты Келдібай Ермұханұлы

Біздің әрітесіміз Келдібай Ермұханұлы өзінің еңбек жолын 1978-жылы мұнай саласында қаралайым слесарь-жөндеуші болып бастады. 1980-1982 жылдар аралығында тепсе, темір үзетін жас жігіт әскер қатарына шақырылып, Отан алдындағы борышын абыраймен атқарып келіп, 1983-жылы «Маңғышлақнефть» бірлестігінде З-дәрежелі мұнай газ өндіру операторы болып жұмысқа орналасады. Қазіргі таңда еңбекор мұнайшы №3 МГӘБ-ке қарасты №10 мұнай газ өндіру цехында 5-дәрежелі мұнай газ өндіру операторы болып жемісті еңбек етіп жүр. Жақында мерейлі 60-жасқа толған әрітесімізді туған күнімен шын жүрекten құттықтаймыз.

Ұжымға сыйлы, кішіге үлгі болып, немере-жиен сүйіп, бақытты шаңырактың иесі атанаңып отырған азаматқа мықты денсаулық, қажымас қайрат, отбасына баянды бақыт тілейміз.

Ізгі тілекпен, №3 МГӘБ еңбек ұжымы



## Ардақты Әскер Тыныштықұлы!

Сізді «ердің жасы» 50-ге толуыңызбен шын жүрекten құттықтаймыз. Дәнекерлеу ісінің хас шебері, өз ісінің үздігі болып, адаптация етіп жүрген Өзіңізге Алланың нұры жаусын. Деніңзеге саулық, басыңызға бақыт, шаңырағыңызға шаттық тілейміз.

## Қадырменді Айтбай Жарыұлы!



Сізді 50 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүрекten құттықтаймыз. «Еңбек-қуаныш, жалқаулық айырылmas азап»-деп хәкім Абай айтпақшы, бейбіт елде, берекелі шаңыракта еңбек етіп жүргеннің өзі-үлкен бақыт. Еселі еңбек етеп жүріп, ел экономикасының өркендеуіне үлес қосып жүрген Сізге мықты денсаулық, баянды да бақытты ғұмыр тілейміз.

## ҚҰТТЫҚТАУ



Мұнай өнеркәсібі құралдарын және телекоммуникацияларды жөндеу басқармасы кәсіподақ төрағасы Мұхтар Есенмұратовты бүгінгі 60 жасқа толған мерейлі жасымен шын жүрекten құттықтай отырып, азаматқа денсаулық, байлық, барлық, табыс, ұзақ ғұмыр тілейміз.

Қырықта қамал алып, ердің жасы елуде елдік мәселелерді шешіп, асқаралы алпысқа жеттіңіз. Ардақ тұттар Өзіңіздей абзал ағаның кемел жасқа толы- біз үшін үлкен қуаныш. «Алпысқа келдіңідер, бәрін де бердіңіздер, бәрін де көрдіңіздер» деп алаштың ақының ақыны Мұқағали айтпақшы, алпыстың табалдырығынан аман-есен аттап, кәсіподактың қара қазанында қайнаш шықкан Өзіңізді еңбек ұжымы мен компания басшылығы кісілігі мен кішілігі қатар жүретін адаптация етеп жүріп, ел экономикасының өркендеуіне үлес қосып жүрген Сізге мықты денсаулық, баянды да бақытты ғұмыр тілейміз.

Қызметке адаптация етеп жүріп, өз ісін асқан жауапкершілікпен атқаратын, отбасында жақындарынан жан жылуын аямайтын, тек еңбегі мен ақылына сенім артатын азамат бүгінде компания мақтандышина айналып отыр.

Тіршілік сыйлаған бақыттың бал дәмін қосағыңызбен бірге татып, ортамызда аман-есен жүре беріңіз. Босағаңызға жамандық жетпесін, төрінізден жақысылық кетпесін. Өрісіңіз толы мал, шаңырағыңыз толы жан болсын, аяулы әріптес! Мерейіңіз асып, несібеніз тассын! Мінгеніңіз түллар, ұстағаныңыз сұңқар болсын!

Ыстық ықыласпен, МӘҚЖТКЖБ еңбек ұжымы